



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

25.03.2021 № 2-010336-21-18892

24.02.2021ж. № ДС-68

**«Ақжол» Қазақстан
Демократиялық партиясы
фракциясының депутаттарына
(тізім бойынша)**

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жері бойынша

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура сіздердің Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұдан әрі – Университет) жер учаскесін бөлудің заңдылығы бойынша депутаттық сауалдарыңызды қарады.

30.01.2012 жылы Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен Университетке алаңы **73,26 га** жер учаскесіне тұрақты жер пайдалану құқығы берілгені анықталды.

02.10.2017 жылы қала әкімдігі көрсетілген учаскенің шекарасын түзету туралы қаулы қабылдаған, онымен жердің алаңы **1,8 га** азайтылды.

Учаскенің азайтылған бөлігі «Omirax» ЖШС-ның - **0,74 га**, коммуналдық қызметтердің («Алматы Су» МКК, «Алматы жылу желілері» ЖШС, «Қазпошта» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ») - **0,56 га** және Ш.А. Мұстафаевтың - **0,52 га** қарамағына өтті.

Анықтама ретінде: Ш.А. Мұстафаевтың жер үлесі Университеттің өндірістік үй-жайларын көпшілік сауда-саттықта сатып алу нәтижесінде пайда болды.

Ш.А. Мұстафаевқа тиесілі осы үй-жайларды иеліктен шығарудың заңдылығы Алматы қаласының аумақтық Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті комиссиясының 12.11.1999 жылғы қорытындысымен және Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының 13.12.2000 жылғы шешімімен расталады.

Алайда Жер кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 48 және 82-баптарын бұза отырып, Алматы қаласының әкімдігі «Omirax» ЖШС-ның жерлерін (екі учаске, жалпы алаңы 0,74 га) сауда-саттықсыз және оларға Университеттің жер пайдалану құқығы тоқтатылғанға дейін берген.

Анықталған бұзушылықтарға құқықтық бағалау бойынша өкілеттік Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетіне жататынын ескере отырып, 19.03.2021 жылы Алматы қаласының прокуратурасы олардың мекенжайына тиісті тексеруді ұйымдастыру туралы хат жолдады.

Республиканың жоғары оқу орындарының қызметінде жер заңнамасының сақталуын тексеруге қатысты келесіні хабарлаймыз.

«Прокуратура туралы» Заңның 6-бабы 6-тармағына сәйкес прокуратура органдары қадағалауды жүзеге асырған кезде өзге мемлекеттік органдардың функцияларын алмастырмауы тиіс.

Өз кезегінде прокурор тексеруді уәкілетті мемлекеттік органға **нақты субъектіге қатысты** және мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің **нақты фактілері** бойынша тапсыруға құқылы («Прокуратура туралы» ҚР Заңының 7-бабы және Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабы).

Осыған байланысты тексеруге бастамашылық ету туралы мәселелер прокуратура органдарына нақты оқу орындары тарапынан заңдылықты бұзушылықтың нақты фактілері туралы мәліметтер түскен кезде қаралатын болады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының м.а.

Б. Асыллов



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік Ел, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

25.03.2021 № 2-010336-21-18892

24.02.2021г. № ДС-68

Депутатам фракции
Демократической партии
Казахстана «Ак жол»
(по списку)

по земле КазНУ имени Аль-Фараби

Уважаемые депутаты!

Генеральной прокуратурой рассмотрен ваш депутатский запрос о законности раздела земельного участка Казахского национального университета имени Аль-Фараби (далее – Университет).

Установлено, что 30.01.2012 года постановлением акимата города Алматы Университету предоставлено право постоянного землепользования на участок, площадью **73,26 га**.

02.10.2017 года акиматом города принято постановление о корректировке границ указанного участка, которым его площадь уменьшена на **1,8 га**.

Уменьшенная часть участка перешла в ведение ТОО «Omirex» - **0,74 га**, коммунальных служб (ГКП «Алматы Су», ТОО «Алматинские тепловые сети», АО «Казпочта», АО «Казхотелеком») - **0,56 га** и Мустафаева Ш.А. - **0,52 га**.

Справочно: земельная доля Мустафаева Ш.А. возникла в результате приобретения на публичных торгах производственных помещений Университета.

Законность отчуждения этих помещений, принадлежащих Мустафаеву Ш.А., подтверждаются заключением комиссии территориального Комитета государственного имущества и приватизации города Алматы от 12.11.1999 года и решением Бостандыкского районного суда города Алматы от 13.12.2000 года.

Однако в нарушение ст.ст.48 и 82 Земельного кодекса (далее – Кодекс) акиматом города Алматы земли (два участка, общей площадью 0,74 га) ТОО «Omirex» предоставлены без проведения торгов и до прекращения на них права землепользования Университета.

Учитывая, что полномочия по правовой оценке выявленным нарушениям относятся к Комитету по управлению земельными ресурсами Министерства сельского хозяйства, 19.03.2021 года прокуратурой города Алматы в его адрес направлено письмо об организации соответствующей проверки.

Относительно проверок в деятельности высших учебных заведений республики на предмет соблюдения земельного законодательства сообщаем следующее.


Согласно п.6 ст.6 Закона «О прокуратуре» при осуществлении надзора органы прокуратуры не должны подменять функции иных государственных органов.

В свою очередь прокурор вправе поручить проверку уполномоченному государственному органу в отношении **конкретного субъекта и по конкретным фактам причинения** вреда законным интересам государства (ст.7 Закона РК «О прокуратуре» и ст. 144 Предпринимательского кодекса).

В этой связи вопросы об инициировании проверок будут рассмотрены при поступлении в органы прокуратуры сведений о конкретных фактах нарушения законности со стороны конкретных учебных заведений.

**И.о. Генерального Прокурора
Республики Казахстан**

Б. Асыллов



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№

Нұр-Сұлтан қаласы

18.03.2021

№ 125

город Нур-Султан

**Демалыс туралы және міндеттерді
атқаруды жүктеу туралы**

«Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4) тармақшасына, «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 71-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына, 72-бабының 3-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2021 жыл үшін ақылы жыл сайынғы еңбек демалысына 2021 жылдың 20-29 наурызы аралығында барамын.

2. Мен ақылы жыл сайынғы еңбек демалысында болған кезде Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқаруды Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бірінші орынбасары **Б.Н. Асылқожа** жүктеймін.

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры**

Ғ.Нұрдәулетов

КӨШІРМЕСІ ДҰРЫС
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
КАДРЛЫҚ ДАМУ ДЕПАРТАМЕНТІ

Мамбетова А.Р. 18.03.2021